

Жаңақорған кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелер үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қарашадағы N 170 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қаңтарда N 4572 тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 8-бабына, 11-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) мен бағалау аймақтарының шекаралары осы шешімнің 1, 2 -қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Жаңақорған аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 100 " Жаңақорған кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) және базалық ставкасын түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-7-68 болып тіркелген, "Жаңақорған тынысы" газетінің 2009 жылдың 28 қаңтарда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .


4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XXIV сессиясының
төрағасы **Н.КӨЛЖАНОВ**

Жаңақорған аудандық
мәслихат хатшысы **А.НАЛИБАЕВ**

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2013 жылғы 29 қарашадағы N 170 шешіміне
1-қосымша

Қызылорда облысы, Жаңақоған ауданы, Жаңақорған кентінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Жаңақорған аудандық мәслихатының
 2013 жылғы 29 қарашадағы N 170 шешіміне
 2-қосымша

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінің жерлерін бағалау аймақтарының шекаралары

N	Аймақ нөмірі	Аймақтардың шекаралары

1	I	Аймақтың шекарасы, солтүстігі "Алматы-Мәскеу" темір жолымен оңтүстік теміржол өткелге дейін, бойымен, Алтынсарин көшесінің қиылысымен, әрі қарай көшенің бойымен, батысы Сырдария өзенінің бойындағы су торабымен түйіседі.
2	II	Аймақтың шекарасы, солтүстігі "Жаңақорған-Шалқия" теміржол тұйығы, "Жаңақорған-Шалқия" шығысынан автожолды бойлап "Sinooil" жанар-жағар май құю бекетімен, оңтүстік шығысы "Жаңақорған" бойлап шипажайға баратын автожолдың қиылысымен, кенттің шекарасын бойлап Қожанов көшесімен, Алматы -Мәскеу" темір жолын бойымен, солтүстік батысы "Жаңақорған-Шалқия" теміржол тұйығы қиылысымен түйіседі.
3	III	Аймақтық шекарасы, солтүстігі Алтынсарин көшесі, Аманкелді көшесінің қиылысымен, шығысынан көшесімен бойлап шипажайға дейін, оңтүстігі кенттің шекарасын бойлап Алтынсарин көшесінің қиылысымен түйіседі.
4	IV	Бірінші учаскесі: аймақтық шекарасы, солтүстік шығысы "Жаңақорған-Жайылма" автожолының бойы және автожолының қиылысымен, солтүстік-шығысы "Жаңақорған-Шалқия" теміржол тұйығын бойлап Алматы қиылысымен, оңтүстік батысы "Алматы-Мәскеу" темір жолын бойын және кенттің шекарасын бойлап автожолымен түйіседі.
		Екінші учаскесі: оңтүстігі "Sinooil" жанар-жағар май құю бекетінен кенттің шекарасына дейін, солтүстік автожолын бойлап кенттің шекарасымен, "Жаңақорған-СКЗ-У" ЖШС" автожолын бойлап "Sinooil" жанар-жағар май құю бекетімен түйіседі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2013 жылғы 29 қарашадағы N 170 шешіміне
3-қосымша

Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

N	Аймақ нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	I	2,0
2	II	1,6
3	III	1,2
4	IV	0,8